

Құқық бұзушылықтың әлеуметтік алдын алу қалалық Кеңесі туралы

Күшін жойған

Павлодар қалалық әкімдігінің 2003 жылғы 13 тамыздағы N 643/18 қаулысы. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 10 қыркүйекте N 2023 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 3/1 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 3/1 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес, құқық бұзушылықтың және қоғамға қарсы іс-әрекеттердің алдын алу мәселелерінде мүдделі мемлекеттік органдар мен мекемелердің өзара іс-қимылын ұйымдастыру мақсатында Павлодар қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Құқық бұзушылықтың әлеуметтік алдын алудың қалалық Кеңесі құрылсын (бұдан әрі - Кеңес) және оның құрамы осы қаулының қосымшасына сәйкес **б е к і т і л с і н .**

2. Кеңес туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы Қазақстан Республикасы әділет Министрлігінің аумақтық органында мемлекеттік тіркеуден өткен уақыттан бастап екі апта ішінде ресми **ж а р и я л а н с ы н .**

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Павлодар қаласы әкімінің орынбасары Х.Т. Оспановқа жүктелсін.

Павлодар қаласы әкімінің

міндетін атқарушы

Павлодар қаласы әкімдігінің
2003 жылғы 13 тамыздағы
"Құқық бұзушылықтың әлеуметтік
алдын алу қалалық Кеңесі туралы"
643/18 қаулысына

ҚОСЫМША

Құқық бұзушылықтың әлеуметтік алдын алу қалалық Кеңесінің Құрамы

Оспанов
Халел Темірғалыұлы

қала әкімінің орынбасары, Кеңестің төрағасы

Шәпенов
Шаймаруар Болатұлы

қала ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары, Кеңес төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Сагинова Рымкеш Ауғанқызы	ұйымдастыру жұмысы бөлімінің бас маманы, Кеңес хатшысы
Кеңес мүшелері:	
Ахметова Нәйля Әнуарбекқызы	қала ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары
Байғалина Бағлан Нүкешқызы	қала мәдениет басқармасы бастығының орынбасары
Байуақова Мәдина Марғұмарқызы	қала экономика және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының бастығы
Демесінова Людмила Хатипқызы	қала тұрғындарды әлеуметтік қорғау басқармасы бастығының орынбасары
Диярова Қамал Диярқызы	қала білім басқармасы бастығының орынбасары
Қаленов Аманкелді Кинешбайұлы	Павлодар қалалық әскери комиссарының орынбасары (келісім бойынша)
Құрмашева Жанар Бектасқызы	Павлодар облысы әділет басқармасы кадрлар бөлімінің бастығы (келісім бойынша)
Смағұлова Гүлмира Қадырқызы	қала денсаулық сақтау басқармасы бастығының орынбасары
Теміржанов Тұйғынбек Райханұлы	қала жұмыспен қамту басқармасы бастығының орынбасары
Щичко Татьяна Игоревна	қала қаржы басқармасы бөлімінің меңгерушісі

Павлодар қаласы әкімдігінің
2003 жылғы 13 тамыздағы
"Құқық бұзушылықтың
әлеуметтік алдын алу
қалалық Кеңесі туралы"
N 643/18 қаулысымен

БЕКІТІЛГЕН

Құқық бұзушылықтың әлеуметтік алдын алу қалалық Кеңесі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Құқық бұзушылықтың әлеуметтік алдын алу Кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) құқық бұзушылықтың және қоғамға қарсы іс-әрекеттердің алдын алу мәселелерінде мүдделі мемлекеттік органдар мен мекемелердің өзара іс-қимылын ұйымдастыру мақсатында құрылған тұрақты қызмет ететін үйлестіру органы болып табылады.

2. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және осы Ережеге сәйкес жүргізеді.

3. Кеңестің жеке құрамы, оның құрамындағы өзгерістер Павлодар қаласының әкімдігімен бекітіледі.

2. Кеңестің міндеттері

4. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) құқық бұзушылықтың және қоғамға қарсы іс-әрекеттердің алдын алуда қатысатын мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметін үйлестіру;

2) бас бостандығынан айыру орындарынан, арнайы емдеу- алдын алу және оқу-тәрбие мекемелерінен келген, тұратын жерлерінен, туысқандық және әлеуметтік байланыстарынан айрылған тұлғаларды әлеуметтік оңалту жөніндегі мүдделі органдардың өзара байланысын ұйымдастыру;

3) тұрғындар арасында құқық тәртібінің жағдайы және құқық бұзушылықтың және қоғамға қарсы іс-әрекеттердің алдын алу бойынша қабылданатын шаралар туралы түсіндірме жұмысын жүргізуге бұқаралық ақпарат құралдарын тарту;

4) қылмыстың, құқық бұзушылықтың алдын алу және құқық тәртібін күшейту мәселелерінде қоғамдық және діни бірлестіктермен, сонымен бірге заңды және жеке тұлғалармен өзара байланысты болу.

3. Кеңестің қызметі

4. Кеңес келесі функцияларды іске асырады:

1) құқық бұзушылықтың, маскүнемдіктің және алкоголизмнің, нашақорлық пен уытқұмарлықтың алдын алу аймақтық бағдарламаларының орындалуын ұйымдастырады және бақылайды;

2) бас бостандығынан айыру орындарынан келген, тұратын жерлерінен, жұмысынан, туысқандық және әлеуметтік байланыстарынан айрылған азаматтарды жұмысқа орналастыру және тұрмыстық мәселелерін шешуде, сонымен бірге алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын адамдарға емдеу-әлеуметтік оңалтуды қамтамасыз етуде мүдделі органдар мен мекемелердің өзара байланысын ұйымдастырады;

3) денсаулық сақтау органдарына алкоголизммен, нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратындарға медициналық сипатта күшпен шара қолдану мәселелері бойынша қолдау хат жібереді;

4) салауатты өмір салтын насихаттау және тұрғындардың құқықтық білімдерін жоғарылату, азаматтарды алкоголизмнің, нашақорлықтың және уытқұмарлықтың салдары туралы ақпараттандыру бойынша іс-шаралар ұйымдастырады ;

5) құқық бұзушылықтың және қоғамға қарсы іс-әрекеттердің алдын алуда қатысатын әлеуметтік инфрақұрылым мекемелеріне практикалық және әдістемелік көмек көрсетеді;

б) ішкі істер, денсаулық сақтау, білім, еңбек және тұрғындарды әлеуметтік қорғау органдарының тиісті есептерінде тұрған тұлғаларға қатысты жеке алдын алу жұмысын жүргізуді ұйымдастырады.

4. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру

6. Кеңесті төраға - қала әкімінің орынбасары басқарады. Павлодар қаласы ішкі істер басқармасы бастығының орынбасары төрағаның орынбасары болып т а б ы л а д ы .

7. Төраға Кеңестің жұмысын ұйымдастырады және оның қызметіне басшылық жүргізеді, Кеңеске жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларының орындалуына жеке жауапты.

8. Кеңестің тұрақты мүшелері білім, денсаулық сақтау, жұмыспен қамту, тұрғындарды әлеуметтік қорғау, мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім, әділет, экономика және кәсіпкерлікті қолдау, қаржымен қамтамасыз ету, аймақтың әлеуметтік саласына жетекшілік ететін органдар басшыларының орынбасарлары, қоғамдық бірлестіктер және діни конфессиялар өкілдері, сонымен бірге басқарудың әскери органдары.

9. Кеңестің хатшысы Кеңес мәжілісін өткізуге дайындауды қамтамасыз етеді, әкімдіктің, мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың ұсынысы бойынша Кеңестің қарауына енгізілетін мәселелерді дайындайды, хаттама жүргізеді, қабылданатын шешімдердің орындалу барысы туралы есеп береді.

10. Кеңес өз қызметін оның төрағасы бекіткен жыл сайынғы жоспарлар негізінде жұмыс мәжілістері ретінде өткізіледі, оған құқық бұзушылықтың және қоғамға қарсы іс-әрекеттердің алдын алуда қатысатын мекемелер, ұйымдар басшылары мен қызметкерлері, сонымен бірге прокуратура және қоғамдық бірлестіктер өкілдері шақырылуы мүмкін.

11. Кеңес мәжілісі айына кем дегенде бір рет өткізіледі. қажет болғанда, Кеңестің кезектен тыс мәжілісі қала әкімінің, Кеңес төрағасының немесе оның мүшелерінің елуден астам пайызының бастамасымен өткізілуі мүмкін.

12. Мәжіліс қорытындылары бойынша Кеңес қаланың атқарушы органдары мен оның құрылымдық бөлімшелері үшін ұсыным сипатындағы шешім қ а б ы л д а й д ы .

13. Кеңестің шешімі хаттамамен ресімделеді.

5. Кеңестің қызметін тоқтату

14. Кеңестің қызметі тоқтату заңнамамен бекітілген тәртіпте жүзеге асырылады.